



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

значимость виртуального общения для молодых людей в новом высокотехнологичном мире, а также узнать сколько времени в день среднестатистический житель столицы тратит на Интернет. Более 40 % опрошенных тратят более 3-4 часов на посещение социальных сетей. Не удивительно то, что ухудшенное зрение, осанка и здоровье в целом не являются для нас нонсенсом, так как уже с ранних лет дети начинают использовать техно ресурсы. Интернет в целях учебы используют 70 % анкетированных, что само по себе замечательно. Исследуя тему, трудно было представить, что такой высокий процент молодежи используют интернет в целях обучения.

Бесконечный поток информации из года в год деформирует современное общество. Нынче тяжело представить сегодняшний образ жизни без тех гаджетов, которые вошли в рутину. Информатика и информатизация общества неотъемлемая часть образования 21 века.

Список использованных источников

1. <http://bnews.kz/ru/news/post/122324/> (дата обращения 19.03.15г.)
2. <http://24.kz/ru/news/education/item/48950-karagandins..> (дата обращения 10.03.15г.)
3. <http://bnews.kz/ru/videonews/post/230808/> (дата обращения 17.03.15г.)
4. <http://inf.gym5cheb.ru/p4aa1.html> (дата обращения 19.03.15г.)

ӘОК 378:004

РЕЕСТР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫМЕН ТАНЫСУ

Токсан Мейрхан

mecha-94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі- Н.Шындалиев

Реестрмен жұмыс жасау дегеніміз, көп жағдайда жол түрінде, ондық сандар мен басқа да санау жүйелерінде берілетін реестр параметрлерін редактірлеу болып табылады. Сонымен қатар, сізге реестрдің қауіпсіздік идентификаторларын, ғаламдық реестрлерін және осы бөлімде қарастырылатын т.б. объектілерді де білу керек.

Реестрдің құрылымы

Реестрдің құрылымымен танысу үшін, реестр редакторының көмегіне жүгінген жөн. Пуск командасын орындап, regedit командасын орындаңыз да Enter батырмасын басыңыз. Сіздің орындаған әрекеттеріңіздің нәтижесінде реестр редакторы іске қосылады. Редактордың сол жақ панелі бөлімдер панелі деп аталады. Бұл панельде кілттер деп аталатын бөлімдердің иерархиясы орналасады. Бірінші панель — параметрлер панелі (ол сонымен қатар мәндер панелі деп те аталады). Әрбір панелде кем дегенде бір параметр болады.

Реестрдің бес түрлі түбір бөлімдері бар: HKEY_CLASSES_ROOT, HKEY_CURRENT_USERS, HKEY_LOCAL_MACHINE, HKEY_USERS, HKEY_CURRENT_CONFIG. Түбірлі бөлімдердің атаулары өте ұзын болғандықтан, ыңғайлылық үшін оларды келесідей қысқартамыз:

1. HKEY_CLASSES_ROOT_HKCR;
2. HKEY_CURRENT_USER_HKCU;
3. HKEY_LOCAL_MACHINE_HKLM;
4. HKEY_USERS_HKU;
5. HKEY_CURRENT_CONFIG_HKCC.

Әр бөлімде (кілт, ағылшын тіліндегі әдебиеттерде—key) жоғарыда айтылғандай бірнеше параметрлер болуы мүмкін (values). Бөлімдерде параметрлерден басқа іштестірілген бөлімшелер болуы да мүмкін. Сол себепті де реестрдің иерархиялық құрылымы файлдық жүйенің иерархиялық құрылымын еске түсіреді. Реестрдің кілттері папкаларды, ал параметрлер файлдарды еске түсіреді[1]. Кілттің атауының ұзындығы келесідей түрде

шектелген:

- 512 ANSI-символмен;
- 256 Unicode-символмен.

Шектеулер түсінікті: Unicode тегі бір символ (16 бит), ANSI (8 бит) ден қарағанда екі есе артық жады алады, сондықтан Unicode символын қолданған кезде кілттің атауының ұзындығы екі есе қысқа болады. Кілттің атауының құрамында мына символдардан басқа кез келген символ бола алады: ? * \

Сонымен қатар басы нүктемен басталатын аты бар кілт құруға болмайды, себебі Windows мұндай атауларды өз қажеттіліктеріне жаратып жібереді.

Windows XP түгелімен қалған барлық бөлімдері кіретін бес стандартты негізгі бұтақтарға бөлінеді. Бұл бөлімдер стандартты бөлімдер деп аталады. Реестрдің базалық құрылымын осылар құрайды. Бұл бөлімдер (кілттер) мыналар:

1. HKEY_CURRENT_USER – бұл бөлім жүйеге дәл қазір енген қолданушының мәліметтерінің конфигурациясы үшін түбірлі болып табылады. Бұл жерде папкалар, экранның түстері, басқару панелінің параметрлері сақталады. Бұл мағұлматтар қолданушының профілімен сәйкестендірілген. Сонымен қатар, бұл бөлімде түрлі қолданбалы программаларда қолданылатын параметрлер де сақталуы мүмкін. Мысалы, дыбыстық файлдарды қосу программасы бұл тізімге ең көп тыңдалынатын композицияларды жазып қоюы мүмкін. Кілттің толық атының орнына кей кезде HKCU аббревиатурасы қолданылуы мүмкін. Бұл бөлімдегі ең қажетті бөлімдердің бірі Software, себебі, осы жерден жүйеде орнатылған қосымшаларға қатысты параметрлерді табуға болады. Әдетте мұндай параметрлер өндірушісіне байланысты топталады.

2. HKEY_USERS – Бұл бөлімде компьютерді қолданушының барлық профільдері бар. Негізі HK_CURRENT_USER кілті HKEY_USERS кілтінің бір бөлігі болып табылады. Тек HKEY_CURRENT_USER бөлімі стандартты бөлімдер құрамына ыңғайлылық үшін енгізілген. HKEY_USERS бөліміндегі HKEY_CURRENT_USER бөлімі немесе кілті ұзын цифрлар мен әріптер тізбегі түрінде беріледі: S-1-5-24-1365425787-34253468867-2342436-700. Бұл тізбек шын мәнінде ағымдағы қолданушы жұмыс жасап отырған қауіпсіздік идентификаторы болып табылады. HKEY_USERS бөлімінің толық аты үшін кей кезде HKU аббревиатурасы қолданылады.

3. HKEY_LOCAL_MACHINE – бұл бөлімде нақты компьютерге байланысты аппараттық конфигурация параметрлері болады. Бұл бөлімнің мазмұны жүйенің барлық қолданушыларына бірдей қатысты. Кей кезде толық атауы үшін HKLM аббревиатурасы қолданылуы мүмкін.

4. HKEY_CLASSES_ROOT – бұл бөлім негізі HKEY_LOCAL_MACHINE\Software бөлімінің бөлімшесі болып табылады. Бұл жерде сақталатын мағұлматтар әртүрлі кеңейтілімді файлдарды ашқан кезде қолданылатын программалардың іске қосылуына жауап береді. Бөлімді түгелдей атау үшін кей кезде HKCR аббревиатурасы қолданылады.

Windows 2000-нан бастап бұл мағұлматтар HKEY_LOCAL_MACHINE бөлімінде де, HKEY_CURRENT_USER бөлімінде де сақталады. HKEY_LOCAL_MACHINE\Software\Classes бөлімінде локальды компьютердің барлық қолданушыларына қатысты әдеттегі параметрлер сақталады. HKEY_CURRENT_USER \Software\Classes бөліміндегі параметрлер қалыпты жағдайды қайтадан анықтап, оларды тек ағымдағы қолданушыға ғана қатыстырады. HKEY_CLASSES_ROOT бөлімі өзіне екі кілттің де мәліметтерін сиғызады. Сонымен қатар HKEY_CLASSES_ROOT бөлімі бағдарламаларға Windows-тың бұрынғы версияларында жазылған біріккен мәліметтерді ұсынады. Ағымдағы тұтынушының реттеушілерді өзгертуі HKEY_CURRENT_USER\Software\Classes бөлімінде жүреді. Қалыпты жағдайда параметрлер модификациясы HKEY_LOCAL_MACHINE\Software\Classes

бөлімінде жүргізілуі керек. HKEY_CLASSES_ROOT бөліміне қосылатын бөлімдерден алынған мәліметтер жүйе арқылы HKEY_LOCAL_MACHINE\Software\Classes бөлімінде сақталады. Егер HKEY_CLASSES_ROOT бөлімшелерінің біреуіндегі параметр өзгерген болса және ондай бөлімше HKEY_CURRENT_USER\Software\Classes бөлімінде бар болса, онда ақпаратты сақтау үшін, HKEY_LOCAL_MACHINE \Software\Classes бөлімі емес, HKEY_CURRENT_USER\Software\Classes бөлімі қолданылады.

5. HKEY_CURRENT_CONFIG – бұл бөлімде жүйені іске қосқан кезде локальды компьютер қолданатын құрылғылардың профилі жайындағы мағұлматтар сақталады[2].

Реестр параметрлерінің типтері

Реестрде қолданылатын барлық параметрлердің типтері болады және соған сәйкес олар белгілі бір мән қабылдайды, сақталады немесе өңделеді және т.б. Windows XP-те реестрдің барлық параметрлері жататын барлығы жеті тип қарастырылған. Реестрде қолданылатын барлық параметрлердің типтері төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 1):

Кесте 1. Реестрде қолданылатын барлық параметрлердің типтері

Атауы	Белгіленуі	Сипаттамасы
Екілік параметр	REG_BINARY	Екілік (немесе бинарлық) параметрлер екілік түрде сақталатын символдар жиынынан тұрады және олар тек қана оналтылық форматта ғана редактірленеді.
DWORD параметрі	REG_DWORD	Мұндай типтегі параметрдің мәні сандық болады. 0 және 1 мәндері жиі қолданылады. Мұндағы «0»-«жоқ» дегенді, ал «1» - «иә» дегенді білдіреді. REG_DWORD_BIG_ENDIAN (ең кіші байт соңғы санның жадысында сақталады). Осындай типі бар параметрдің мәнін өзгерткен кезде сіз оның көрінетін санау жүйесін таңдай аласыз: ондық немесе он алтылық. Әдетте он алтылық санау жүйесі қолданылады. Бірақ 0 мен 9 аралығындағы сандарды қолдану кезінде жүйеде ешқандай да санау жүйесі қолданбайды.
Мәліметтердің кеңеймелі жолы	REG_EXPAND_SZ	Мәліметтер жолының ұзындығы айнымалы. Бұл мәліметтер типінде программа мәліметтерді қолданған кезде өңделетін арнайы айнымалылар аты сақталады. Программа немесе қызмет мұндай жолды реестрден оқыған кезде операциялық жүйе автоматты түрде айнымалының арнайы атының орнына параметрдің ағымдағы мәнін қояды..
Көпжолды параметр	REG_MULTI_SZ	Бірнеше жолдарды біріктіретін көпжолды мәтін біріктірілген болып табылады. Бұл тип оқуға жеңіл болатын форматтағы тізімдер мен жазбаларды сақтайды. Жазбалар бос орынмен, үтірлермен немесе басқа символдармен ерекшеленеді..
Жолдық параметр	REG_SZ	Фиксирленген ұзындықты мәтіндік жол. Оның құрамына оқуға болатын қарапайым мәтін жатады.
Екілік параметр	REG_RESOURCE_REQUIREMENT_UIST	Іштестірілген массивтер тізбегі. Құрылғының драйверімен немесе оны басқаратын физикалық құралмен пайдаланылатын ресурстар тізімін сақтауға мүмкіндік береді. Табылған мәліметтерді жүйе \Resource бөлімінде сақтайды. Реестрдің

		редакторының терезесінде бұл мәліметтер екілік параметр түрінде он алтылық форматта көрінеді.
Екілік параметр	REG_RESOURCE_UST	Іштестірілген массивтер тізбегі. Аппараттық ресурстар драйверінің тізімін сақтауға арналған, олар белгілі бір драйверлерде немесе оларды басқаратын физикалық құралдармен пайдаланылады. Осы жүйенің тізімінің бір бөлігі \Resource Map бөлімінде сақталады. Мәліметтер жүйемен анықталады. Реестрдің редакторының терезесінде олар он алтылық форматта екілік параметр түрінде көрінеді.
Екілік параметр	REG_FULL_RESOURCE_DESCRIPTOR	Іштестірілген массивтер тізбегі. Физикалық құралмен пайдаланылатын ресурстар тізімін сақтауға арналған. Алынған мәліметтерді жүйе \HardwareDescription бөлімінде сақтайды. Реестрдің редакторының терезесінде олар он алтылық форматта екілік параметр түрінде көрінеді.
Болмайтын	REG_NONE	Анықталған типі жоқ мәліметтер. Мұндай мәліметтер реестрге жүйе арқылы немесе қосымша арқылы жазылады. Реестрдің редакторының терезесінде олар он алтылық форматта екілік параметр түрінде көрінеді.
Сілтеме	REG_LINK	Юникод форматындағы символдық сілтеме.
QWORD параметрі	REG_QWORD	64-разрядтық бүтін түрінде берілетін мәліметтер. Реестрдің редакторының терезесінде олар екілік параметр түрінде көрінеді. Параметр бірінші рет Windows 2000-ға енген.

Сонымен қатар реестрмен жұмыс жасау, көп жағдайда жол түрінде, ондық сандар мен басқа да санау жүйелерінде берілетін реестр параметрлерін өңдеу болып табылады[3].

Қолдағанылған әдебиеттер:

1.М.Серік, Н.Т. Шындалиев, Ж.Е. Зулпыхар Компьютер архитектурасы және жүйені әкімшіліктендіру. Оқу құралы. –Астана, «Мастер ПО»2012, -350б.

2.Куприянова А.В. РЕЕСТР WINDOWS XP: Настройки, трюки, секреты. Настольная книга пользователя / Под.ред. М.В. Финкова. Серия «Просто осложном». – СПб.: Наука и Техника, 2006. – 192с., ил.

3.Денис Колисниченко. СЕКРЕТЫ РЕЕСТРА WindowsXP/Vista. –М.: Санкт-Петербург «БХБ-Петербург», 2008

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ:БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ТАЛАПТАР

Тоқымбаева Ұлжан Полатбекқызы

ulzhan_tokimbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Ғылыми жетекші: Мубараков А.М. профессор,педагогика ғылымдарының докторы

Аннотация. Бұл мақалада соңғы жылдардағы, барлық елдерде қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан оқытуға үлкен мән беруде.Және оның қазақстандық білім беру саласында өзектілігі күннен – күнге танылып келеді, оған